

Автотұтатқыш тармақтағышы FinePower FP-201, FP-203

Құрылғының қолданылу мақсаты

Автотұтатқыш тармақтағышы бірнеше құрылғыны бір тұтатқышқа қосуға арналған.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыға механикалық зақым келтірмеңіз. Оны діріл мен соққылардан, құлаудан, қатты дірілден және қысымнан қорғаңыз.
2. Құрылғыны 35 °С-тан жоғары температурада қолданбаңыз. Оны температураның күрт өзгеруінен, сондай-ақ тікелей күн сәулесінен және қуатты жылу көздерінен қорғаңыз.
3. Құрылғыны ылғалдан қорғаңыз, ылғалдылығы жоғары жерлерде пайдаланбаңыз.
4. Құрылғыны тек қолдану мақсатына сәйкес пайдаланыңыз (осы нұсқаулықта көрсетілген құрылғыны қолдану мақсатына сәйкес).
5. Құрылғының жұмысында қандай да бір ақаулар болса, оны дереу тоқтатыңыз және өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
6. Денсаулық пен өмірге қауіп төндірмеу үшін құрылғы мен оның қаптамасын кішкентай балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.
7. Құрылғыны тазарту үшін құрғақ, жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Бензин мен сұйық тазартқыштарды, сондай-ақ абразивті материалдарды пайдаланбаңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Тұтатқышты ұясынан алып шығыңыз.
2. Тұтатқыш ұясының таза болуына көз жеткізіңіз.
3. Штекер тармақтағышын тұтатқыштың тұрақты ұясына тығыңыз.
4. Қуат тұтынуы тармақтағыштың қуатынан аспайтын электр аспаптарының штекерлерін тиісті ұяларға қосыңыз.

Кепілдемелік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілді қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Техникалық сипаттамалар

Моделі	FP-201	FP-203
Ток күші	1 А	2,4 А
USB порты	1 дана	2 дана
Тұтатқыш ұясы	2 дана	2 дана

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында өндірушінің қаптамасында +5 °С-тан +40 °С-қа дейінгі температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасмалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтималды зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Хоунстар Электроник Ко., Лтд.

6Ф, Корп. А6, Тяньжуй өнеркәсіптік паркі, Фуюань 1-ші тас жолы 35, Синьхэ Комьюнити, Фухай көш., Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Бұйымның жиынтықтамасы, сыртқы түрі және сипаттамалары алдын ала ескертпестен өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1